

**Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы.

**2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.**

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 15-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне (бұдан әрі – ұйымдардың қызметкерлері) еңбекақы төлеу жүйесі уақыт бойынша және (немесе) кесімді еңбекақы төлеу жүйесі болып табылады деп белгіленсін.

Уақыт бойынша еңбекақы төлеу жүйесі:

1) азаматтық қызметшілердің (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша сыныптауға сәйкес әзірленетін азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі негізінде.

Азаматтық қызметшілердің (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша сыныптау қызмет саласына, біліміне, біліктілік деңгейіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне және жауапкершілік деңгейіне байланысты басқарушы, негізгі, әкімшілік және қосалқы персоналдардан қалыптасады;

2) азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің (жұмысшыларды қоспағанда) функционалдық блоктар бойынша лауазымдық айлықақыларын (бұдан әрі – ЛА) есептеуге арналған базалық лауазымдық айлықақыға (бұдан әрі – БЛА) қолданылатын коэффициенттер;

3) жұмысшылар ЛА (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған БЛА-ға қолданылатын коэффициенттер;

4) ұйымдар қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар және үстемеақылар, сауықтыруға арналған жәрдемақылар мен өтемақылар;

5) Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі қызметкерлерінің шетел валютасындағы ЛА схемалары (тарифтік мөлшерлемелері) негізінде еңбекақы төлеуді қамтиды.

Кесімді еңбекақы төлеу жүйесі орындалған жұмыстың (көрсетілген қызметтің) немесе дайындалған өнімнің заттай өлшем бірліктерінде көрсетілген әр бірлігі (көлемі) үшін еңбекақы төлеуді көздейді.

2. Қоса беріліп отырған:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес азаматтық қызметшілердің (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлері лауазымдарының функционалдық блоктар бойынша сыныптамасы;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің (жұмысшыларды қоспағанда) функционалдық блоктар бойынша ЛА есептеуге арналған коэффициенттер;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жұмысшылардың ЛА (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициенттер;

4) осы қаулыға 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-қосымшаларға сәйкес ұйымдар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары;

5) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары (қызмет бабында пайдалану үшін);

6) осы қаулыға 24 және 25-қосымшаларға сәйкес ұйымдардың қызметкерлеріне үнемдеу есебінен сыйлықақы беру жүзеге асырылатын, материалдық көмек көрсетілетін және ынталандырушы үстемеақы белгіленетін шығыстар түрлерінің тізбесі бекітілсін.

### 3. Мыналар:

1) ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қоры ЛА (тарифтік мөлшерлемеден), еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақылардан, азаматтық қызметшілердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына қосылатын бір ЛА (тарифтік мөлшерлеме) мөлшеріндегі сауықтыру жәрдемақысынан, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өтемақылардан айқындалады;

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қоры шетел валютасындағы ЛА (тарифтік мөлшерлеме) негізге алына отырып айқындалады;

2) ұйымдар қызметкерлерінің ЛА (тарифтік мөлшерлемесі) атқаратын лауазымдарының функционалдық блоктарға жатқызылуына және мамандығы бойынша жұмыс өтіліне, тағайындалған біліктілік разрядтарына (жұмысшылар үшін) қарай ЛА (тарифтік мөлшерлемесі) есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген БЛА мөлшеріне көбейту жолымен айқындалады;

педагог қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін ЛА (тарифтік мөлшерлемелер) бір аптаға белгіленген оқу жүктемесіне қарай айқындалады;

заңнамаға сәйкес ерекше мәртебе берілген мемлекеттік жоғары оқу орындарының мамандары мен қызметшілеріне ЛА (тарифтік мөлшерлемелер) ЛА белгіленген мөлшеріне жоғарылататын коэффициенттерді қолдану арқылы айқындалады;

2-1) (қызмет бабында пайдалану үшін);

2-2) (қызмет бабында пайдалану үшін);

3) өтемақылардың мөлшері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалады деп белгіленсін.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 170 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.06.2016 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

### 4. Мыналар:

1) ұйымдардың қызметкерлеріне еңбек жағдайы үшін осы қаулыда белгіленген шекте қосымша ақылар мен үстемеақылардың нақты мөлшері заңнамаға сәйкес салалық келісімде, ұжымдық шартта және (немесе) жұмыс берушінің актісінде айқындалады;

2) білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария жүйесі ұйымдарының қызметкерлеріне белгіленген еңбек жағдайы үшін қосымша ақылар мен үстемеақылар басқа қызмет салаларында тиісті лауазымдарда істейтін және мамандығы бойынша жұмыстарды орындайтын ұйымдардың қызметкерлеріне қолданылады;

3) ұйымдар қызметкерлерінің ЛА (тарифтік мөлшерлемесін) айқындау мақсатында орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) мамандығы

бойынша жұмыс өтілін (қызмет саласының ерекшеліктерін ескере отырып) есептеудің тәртібі мен шарттарын айқындайды;

4) медициналық қызметкерлерге еңбекақы төлеудің шарттары көрсетілетін медициналық көмектің көлеміне, сапасына қарай денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орталық мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен белгіленеді;

5) жан басына шаққанда нормативтік қаржыландырылатын орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің шарттары көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасы мен олардың қызмет нәтижелеріне қарай білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен белгіленеді;

6) мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне, оның ішінде 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қабылданған қызметкерлерге 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес олардың жалақысы мен сауықтыруға арналған жәрдемақысы 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған еңбекақы төлеу жүйесі бойынша жалақысынан және сауықтыруға арналған жәрдемақысынан төмен болған жағдайларда жалақысындағы, сауықтыруға арналған жәрдемақысындағы айырма төленеді;

7) мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызмет салаларының барлығына ортақ мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын еңбек жөніндегі уәкілетті орган бекітеді;

8) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес азаматтық қызметшілер (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлері лауазымдарының функционалдық блоктар бойынша сыныптамасы негізінде еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдарын азаматтық қызметшілер лауазымдары тізілімінің функционалдық блоктарына және білікті жұмысшыларға жатқызу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекітеді.

Тиісті қызмет салаларындағы уәкілетті органдар еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша тиісті қызмет салалары бойынша азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекітеді деп белгіленсін.

#### 5. Мемлекеттік басқару органдарына:

1) ұйымдардың басшыларына олардың жұмыс нәтижелері бойынша сыйлықақы беру, лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу, сондай-ақ қаржыландыру жоспары бойынша тиісті мемлекеттік мекемені ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен немесе мемлекеттік басқару органы қазыналық кәсіпорын үшін бекіткен даму жоспары бойынша қаражатты үнемдеу есебінен мемлекеттік басқару органы белгілеген тәртіппен материалдық көмек көрсету;

2) қызметкерлерге кесімді еңбекақы төлеу кезінде кесімді бағалауларды бекіту құқығы берілсін.

#### 6. Ұйымдардың басшыларына:

1) мемлекеттік басқару органымен келісу бойынша азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімінде көрсетілген лауазымдардың атауларына қызмет ерекшелігін сипаттайтын арнаулы қосымша атауларды қолдануға, сондай-ақ функционалдық міндеттеріне қарай өзге де лауазымдар атауларын теңестіру;

2) кредиторлық берешек болмаған кезде қаржыландыру жоспары бойынша тиісті мемлекеттік мекемені ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен немесе кредиторлық берешегі болмаған кезде мемлекеттік басқару органы қазыналық кәсіпорын үшін бекіткен даму жоспары бойынша қаражатты үнемдеу есебінен салалық келісімде, ұжымдық шартта және (немесе) жұмыс берушінің актісінде айқындалған тәртіппен ұйымдардың

қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету құқығы берілсін.

7. Осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының	
Премьер-Министрі	К.Мәсімов

	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген 1-қосымша
--	--

**Азаматтық қызметшілердің (білікті жұмысшыларды қоспағанда),  
мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар  
қызметкерлері лауазымдарының функционалдық блоктар  
бойынша сыныптамасы**

Буын	Саты	Лауазымдардың атаулары
А блогы (басқарушы персонал)		
А1	1	Республикалық маңызы бар ММ және МҚК басшылары
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ және МҚК басшыларының орынбасарлары
	2	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК басшылары
	2-1	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК басшыларының орынбасарлары
	3	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК басшылары
	3-1	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК басшыларының орынбасарлары
	4	Ауылдық маңызы бар ММ және МҚК басшылары
А2	1	Республикалық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары
	2	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
	2-1	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары
	3	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ

		және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
	3-1	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары
	4	Ауылдық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
А3	1	Республикалық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелер басшылары
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелері басшыларының орынбасарлары
	2	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелер басшылары
	2-1	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелері басшыларының орынбасарлары
	3	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелер басшылары
	3-1	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелері басшыларының орынбасарлары
	4	Ауылдық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелер басшылары
В блогы (негізгі персонал)		
В1	1	Бас ғылыми қызметкер, профессор
	2	Жетекші ғылыми қызметкер, доцент Бас сарапшы
	3	Аға ғылыми қызметкер Жетекші сарапшы Ғылыми-практикалық орталықтың аға әдіскері
	4	Ғылыми қызметкер Аға сарапшы Ғылыми-практикалық орталықтың әдіскері Жоғары оқу орнының, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының оқытушысы
	5	Кіші ғылыми қызметкер Жоғары оқу орнының, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының әдіскері Ассистент Сарапшы Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының шебері
"Денсаулық сақтау" және "Білім беру" салаларында		
В2	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты негізгі персонал мамандары (дәрігер, мұғалім)
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты негізгі

		персонал мамандары (дәрігер, мұғалім)
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты негізгі персонал мамандары (дәрігер, мұғалім)
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ негізгі персонал мамандары (дәрігер, мұғалім)
B3	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты негізгі персонал мамандары (тәрбиеші, әлеуметтік педагог, орта медициналық персонал мамандары және басқалар)
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты негізгі персонал мамандары (тәрбиеші, әлеуметтік педагог, орта медициналық персонал мамандары және басқалар)
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты негізгі персонал мамандары (тәрбиеші, әлеуметтік педагог, орта медициналық персонал мамандары және басқалар)
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ негізгі персонал мамандары (тәрбиеші, әлеуметтік педагог, орта медициналық персонал мамандары және басқалар)
B4	1	Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты негізгі персонал мамандары
	2	Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты негізгі персонал мамандары
	3	Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты негізгі персонал мамандары
	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ негізгі персонал мамандары
өзге де салаларда		
B2	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты негізгі персонал мамандары
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты негізгі персонал мамандары
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты негізгі персонал мамандары
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ негізгі персонал мамандары
B3	1	Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты негізгі персонал мамандары
	2	Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты негізгі персонал мамандары
	3	Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты негізгі персонал мамандары
	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ негізгі персонал мамандары
C блогы (әкімшілік персонал)		
C1		ММ және МҚК шаруашылық бөлімшелерінің меңгерушілері және оларға теңестірілген өзге де жеке лауазымдар

C2		Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар
C3		1) Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар; 2) ММ және МҚК шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын құрылымдық бөлімшенің басшысы
D блогы (қосалқы персонал)		
D		Техникалық орындаушылар

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ММ – мемлекеттік мекеме

МҚК – мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген 2-қосымша
--	--

**Азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің (жұмысшыларды қоспағанда) функционалдық блоктар бойынша лауазымдық айлықақыларын есептеуге арналған коэффициенттер**

А блогы - басқарушы персонал									
Буын	Саты	Жылдарға есептегенде, мамандық бойынша жұмыс өтілі							
		0-3	3-6	6-9	9-12	12-16	16-20	20-25	25 жылдан жоғары
A1	1	5,84	6,00	6,17	6,34	6,52	6,70	6,89	7,08
	1-1	5,55	5,71	5,87	6,03	6,20	6,37	6,55	6,73
	2	5,21	5,36	5,51	5,66	5,82	5,98	6,15	6,32
	2-1	4,95	5,09	5,23	5,38	5,53	5,68	5,84	6,00
	3	4,66	4,79	4,92	5,06	5,20	5,35	5,50	5,65
	3-1	4,43	4,55	4,68	4,81	4,94	5,08	5,22	5,37
	4	4,21	4,33	4,45	4,57	4,70	4,83	4,97	5,11
A2	1	5,31	5,46	5,61	5,77	5,93	6,10	6,27	6,45
	1-1	5,04	5,18	5,33	5,48	5,63	5,79	5,95	6,12
	2	4,74	4,87	5,01	5,15	5,29	5,44	5,59	5,75
	2-1	4,50	4,63	4,76	4,89	5,03	5,17	5,31	5,46
	3	4,24	4,36	4,48	4,61	4,74	4,87	5,01	5,15
	3-1	4,03	4,14	4,26	4,38	4,50	4,63	4,76	4,89
	4	3,83	3,94	4,05	4,16	4,28	4,40	4,52	4,65
A3	1	4,83	4,97	5,11	5,25	5,40	5,55	5,71	5,87
	1-1	4,59	4,72	4,85	4,99	5,13	5,27	5,42	5,57
	2	4,31	4,43	4,55	4,68	4,81	4,94	5,08	5,22
	2-1	4,09	4,20	4,32	4,44	4,56	4,69	4,82	4,95
	3	3,85	3,96	4,07	4,18	4,30	4,42	4,54	4,67

	3-1	3,66	3,76	3,87	3,98	4,09	4,20	4,32	4,44			
	4	3,47	3,57	3,67	3,77	3,88	3,99	4,10	4,21			
В блогы – негізгі персонал												
Буын	Саг ы	Жылдарға есептегенде, мамандық бойынша жұмыс өтілі										
		0-1	1-2	2-3	3-5	5-7	7-10	10-13	13-16	16-20	20-25	25 жылдан жоғары
В1	1	5,09	5,19	5,29	5,39	5,49	5,59	5,70	5,81	5,92	6,03	6,14
	2	4,63	4,72	4,81	4,90	4,99	5,08	5,18	5,28	5,38	5,48	5,58
	3	4,21	4,29	4,37	4,45	4,53	4,62	4,71	4,80	4,89	4,98	5,07
	4	3,83	3,90	3,97	4,05	4,13	4,21	4,29	4,37	4,45	4,53	4,62
	5	3,48	3,55	3,62	3,69	3,76	3,83	3,90	3,97	4,05	4,13	4,21
"Білім беру" саласында												
В2	1	4,06	4,12	4,18	4,24	4,30	4,36	4,42	4,49	4,56	4,63	4,70
	2	3,66	3,72	3,78	3,84	3,90	3,96	4,02	4,09	4,16	4,23	4,30
	3	3,49	3,55	3,61	3,67	3,73	3,79	3,85	3,92	3,99	4,06	4,13
	4	3,08	3,14	3,20	3,26	3,32	3,38	3,44	3,51	3,58	3,65	3,72
В3	1	3,75	3,80	3,85	3,90	3,96	4,02	4,08	4,14	4,20	4,26	4,32
	2	3,35	3,40	3,45	3,50	3,56	3,62	3,68	3,74	3,80	3,86	3,92
	3	3,18	3,23	3,28	3,33	3,39	3,45	3,51	3,57	3,63	3,69	3,75
	4	2,77	2,82	2,87	2,92	2,98	3,04	3,10	3,16	3,22	3,28	3,34
В4	1	3,40	3,44	3,49	3,54	3,59	3,64	3,69	3,74	3,79	3,84	3,89
	2	2,92	2,96	3,01	3,06	3,11	3,16	3,21	3,26	3,31	3,36	3,41
	3	2,75	2,79	2,84	2,89	2,94	2,99	3,04	3,09	3,14	3,19	3,24
	4	2,34	2,38	2,43	2,48	2,53	2,58	2,63	2,68	2,73	2,78	2,83
"Денсаулық сақтау" саласында												
В2	1	4,57	4,63	4,69	4,75	4,81	4,87	4,93	5,00	5,07	5,14	5,21
	2	3,98	4,04	4,10	4,16	4,22	4,28	4,34	4,40	4,48	4,55	4,62



									1			
	3	3,73	3,79	3,85	3,91	3,97	4,03	4,09	4,1 6	4,23	4,30	4,37
	4	3,08	3,14	3,20	3,26	3,32	3,38	3,44	3,5 1	3,58	3,65	3,72
B3	1	4,26	4,31	4,36	4,41	4,47	4,53	4,59	4,6 5	4,71	4,77	4,83
	2	3,67	3,72	3,77	3,82	3,88	3,94	4,00	4,0 6	4,12	4,18	4,24
	3	3,42	3,47	3,52	3,57	3,63	3,69	3,75	3,8 1	3,87	3,93	3,99
	4	2,77	2,82	2,87	2,92	2,98	3,04	3,10	3,1 6	3,22	3,28	3,34
B4	1	3,30	3,34	3,38	3,42	3,47	3,52	3,57	3,6 2	3,67	3,72	3,77
	2	2,94	2,98	3,02	3,06	3,11	3,16	3,21	3,2 6	3,31	3,36	3,41
	3	2,71	2,75	2,79	2,83	2,88	2,93	2,98	3,0 3	3,08	3,13	3,18
	4	2,26	2,30	2,34	2,38	2,43	2,48	2,53	2,5 8	2,63	2,68	2,73
Өзге де салалар												
B2	1	3,72	3,78	3,84	3,90	3,96	4,02	4,08	4,1 5	4,22	4,29	4,36
	2	3,41	3,47	3,53	3,59	3,65	3,71	3,77	3,8 4	3,91	3,98	4,05
	3	3,33	3,39	3,45	3,51	3,57	3,63	3,69	3,7 6	3,83	3,90	3,97
	4	3,08	3,14	3,20	3,26	3,32	3,38	3,44	3,5 1	3,58	3,65	3,72
B3	1	3,24	3,29	3,34	3,39	3,44	3,49	3,54	3,5 9	3,65	3,71	3,77
	2	2,91	2,96	3,01	3,06	3,11	3,16	3,21	3,2 6	3,32	3,38	3,44
	3	2,83	2,88	2,93	2,98	3,03	3,08	3,13	3,1 8	3,24	3,30	3,36
	4	2,58	2,63	2,68	2,73	2,78	2,83	2,88	2,9 3	2,99	3,05	3,11
C блогы – әкімшілік персонал												
C1		3,39	3,47	3,55	3,63	3,71	3,80	3,89	3,9 8	4,07	4,16	4,26
C2		3,08	3,15	3,22	3,29	3,37	3,45	3,53	3,6 1	3,69	3,77	3,86
C3		2,05	2,10	2,15	2,20	2,25	2,30	2,35	2,4 0	2,46	2,52	2,58
D блогы – қосалқы персонал												

D		1,64	1,68	1,72	1,76	1,80	1,84	1,88	$\frac{1,9}{2}$	1,96	2,01	2,06
---	--	------	------	------	------	------	------	------	-----------------	------	------	------

Ескертпе:

1. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының лауазымдық айлықақыларын (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициент мамандығы бойынша "бір жылға дейін" жұмыс өтілі болған кезде тиісті лауазым санатына сәйкес келетін коэффициент деңгейінде белгіленеді.

2. "Білім беру", "Денсаулық сақтау" салаларындағы негізгі персоналдың лауазымдық айлықақыларын (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициенттер қызметтің басқа салаларында тиісті лауазымдарды атқаратын және мамандығы бойынша жұмыстарды орындайтын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеу кезінде қолданылады.

	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген 3-қосымша
--	--

**Жұмысшылардың лауазымдық айлықақыларын  
(тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициенттер**

Біліктілік разряды	Коэффициент
8	2,58
7	2,41
6	2,25
5	2,10
4	1,96
3	1,83
2	1,71
1	1,60

Ескертпе:

Орындалатын жұмыстарды белгілі бір күрделілікке жатқызу және жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беру Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүргізіледі.

Азаматтық қызметшілердің құрамына білікті жұмысшылар кіреді.

	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген 4-қосымша
--	--

**Білім беру саласындағы азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік  
бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне,  
қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек жағдайлары  
үшін қосымша ақылар**

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.05.2016 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.09.2017 №

Р/с №	Қосымша атауы	ақылардың Қосымша ақылардың түрлері	Қосымша ақылардың мөлшері	Ескертпе
1	2	3	4	5
1.		Лауазымдарды қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймағының кеңейгені) үшін қосымша ақы		
1)	Оқу орны жанындағы интернатқа меңгерушілік еткені үшін		БЛА-дан 25 %	Оқу орнында интернат меңгерушісінің лауазымы көзделмеген жағдайда
2)	Оқыту кабинеттерін (зертханаларды, шеберханаларды, оқу-консультациялық пункттерді) меңгергені үшін			"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
	мектептерде және мектеп-интернаттарында, балалар үйлерінде		БЛА-дан 20 %	
	техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында		БЛА-дан 25 %	
	аралас шеберханалар болған кезде		БЛА-дан 30 %	
3)	Мектепке (оның ішінде музыкалық, көркемөнер, өнер мектебіне және т.б.) басшылық жасағаны үшін		БЛА-дан 20 %	Директор лауазымы көзделмеген мектептерде
4)	Оқу жұмысына жетекшілік еткені үшін		БЛА-дан 20 %	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары лауазымы көзделмеген жеті жылдық музыка мектептерінде, өнер мектептерінде және көркемөнер мектептерінде
5)	Оқулықтардың кітапханалық қорымен жұмыс істегені үшін		БЛА-дан 30 %	
2.		Ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы		

1)	Оқу-тәрбие мекемелерінің басшыларына құрамында кемінде екі арнайы тобы (сыныбы) бар жалпы мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндіктері шектеулі, ұзақ уақыт емдеуді және айрықша тәрбие жағдайын қажет ететін балалармен, тәрбиеленушілермен жұмыс істегені үшін		БЛА-дан 30 %	
2)	Сынып жетекшілігі (топ жетекшілігі) үшін			"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
	1-4 сыныптар		БЛА-дан 25 %	
	5-11 (12) сыныптар		БЛА-дан 30 %	
	техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары		БЛА-дан 25 %	
3)	Дәптерлерді және жазбаша жұмыстарды тексергені үшін			"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес. Қосымша ақы дәптер мен жазбаша жұмыстарды тексеру жұмыстың оқу жоспарында көзделген жағдайда белгіленеді
	1-4 сынып мұғалімдеріне		БЛА-дан 20 %	
	Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі (сыныптардағы) қазақ тілі мен басқа да ұлттық тілдердің және оқу ұлттық тілдерде жүретін мектептердегі (сыныптардағы) орыс тілінің осы пәндерді 1-4 сыныпта жүргізетін мұғалімдеріне		БЛА-дан 25 %	
	Жазбаша жұмыстарды тексергені үшін 5-11 (12)		БЛА-дан 25 %	

	сынып мұғалімдеріне, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушыларына: қазақ, орыс тілдері, басқа ұлттық тілдер мен әдебиет бойынша; математика, химия, физика, биология, шет тілі, стенография, сызу, құрастыру, техникалық механика бойынша		БЛА-дан 20 %	
4)	Мына балалармен: дене бітімінің даму мүмкіндіктері шектеулі балалармен; білім беру ұйымдарында оқуға тиіс ақыл-ойының даму мүмкіндіктері шектеулі балалармен; психоневрологиялық паталогиясы бар (білім беру ұйымдарында оқуға тиіс емес) балалармен жұмыс істегені үшін		БЛА-дан 40 % БЛА-дан 40 % БЛА-дан 50 %	"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
5)	Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары мен тәрбие колонияларындағы, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері жанындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы, мектептердегі, кешкі (ауысымдық) жалпы орта білім беру мектептеріндегі және оқу-консультациялық пункттердегі және басқа да мінез-құлқы девиантты балаларға арналған мекемелердегі балалармен жұмыс істегені үшін		БЛА-дан 30 %	
6)	Жетім балаларға, ата-анасының		БЛА-дан 30 %	Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған

	<p>қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйлерінде, балалар интернат үйлерінде, отбасылық үлгідегі балалар үйлерінде, жетімханаларда, мектеп интернаттарда және мүмкіндіктері шектеулі балалар контингентінің интернат-үйлерінде, сәбилер үйлерінде (сыныптарда, топтарда) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс істегені үшін</p>			<p>балаларға арналған балалар үйлерінде, балалар интернат үйлерінде, отбасылық үлгідегі балалар үйлерінде, жетімханаларда, мектеп-интернаттарда және дене бітімінің немесе ақыл-ойының дамуында кемістігі бар, ұзақ уақыт емделуді қажет ететін, психикалық дамуы артта қалған балалар контингентінің интернат-үйлерінде, сәбилер үйлерінде (сыныптарда, топтарда) қосымша ақылар екі негіздеме бойынша белгіленеді (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс істегені үшін және даму, оқу мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істегені үшін)</p>
7)	<p>Мүгедектерге арналған арнайы білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне мүгедек балалармен жұмыс істегені үшін</p>		БЛА-дан 30 %	
8)	<p>психикалық және психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан адамдармен жұмыс істегені үшін</p>		БЛА-дан 50 %	
9)	<p>Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы тәрбиешілердің көмекшілеріне залалсыздандырғыш заттармен жұмыс істегені үшін</p>		БЛА-дан 30 %	
10)	<p>Физика, химия, биология, информатика пәндері бойынша негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын ағылшын тілінде іске асыратын білім беру</p>		БЛА-дан 200 %	<p>Көрсетілген қосымша ақыны белгілеу тәртібі мен шарттарын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды</p>

	ұйымдарының мұғалімдеріне			
3.		Бейіндік бағыттағы жекелеген пәндерді тереңдете оқытқаны үшін қосымша ақы		
1)	Мамандандырылған мектептер мен дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарда, мектеп-интернат-колледждерінде бейіндік бағыттағы пәндер бойынша оқытушыларға		БЛА-дан 40 %	
2)	Жекелеген пәндерді тереңдете оқытатын оқу орындарының (сыныптардың, топтардың) бейіндік бағыттағы пәндер бойынша педагог қызметкерлеріне; жаңашылдық, эксперименттік режимде жұмыс істейтін (лицейлердің, гимназиялардың, техникалық лицейлердің, мектепке дейінгі және жалпы білім беру бағытындағы оқу тәрбие кешендерінің), сондай-ақ балаларды тәрбиелеу шет тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерге		БЛА-дан 20 %	
4.		Ауыр (ерекше ауыр) қол еңбегі жұмыстарымен және еңбек жағдайлары		2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының <u>Еңбек кодексіне</u> сәйкес және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен

		зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге төленетін қосымша ақы		Еңбек жағдайлары зиянды өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі (тізбесі) негізінде
	Педагог және оларға теңестірілген қызметкерлерге туберкулез (туберкулезге қарсы) мекемелерінде, диспансерлерінде, санаторийлерінде, санаторий-профилакторийлерінде, орталық аудандық ауруханалар бөлімшелерінде және басқа да денсаулық сақтау ұйымдары мен санаторий үлгісіндегі мектеп интернаттарда, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс істегені үшін		БЛА-дан 60 %	
5.		Біліктілік деңгейі үшін қосымша ақы		
	Деңгейлі біліктілікті арттырудан өткен және тиісті деңгейдегі бағдарлама бойынша сертификат алған бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының: бірінші (ілгері) деңгейдегі; екінші (негізгі) деңгейдегі; үшінші (базалық) деңгейдегі мұғалімдеріне		ЛА-дан 100 % ЛА-дан 70 % ЛА-дан 30 %	Көрсетілген қосымша ақыны белгілеу тәртібі мен шарттарын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды. Аталған қосымша ақы лауазымдық айлықақыға нақты жүктемені ескере отырып, бірақ заңнамада белгіленген нормативтік оқу жүктемесінен асырылмай белгіленеді. 2016 жылғы 1 қаңтарға дейінгі біліктілік емтиханын тапсырған мұғалімдерге сертификаттың қолдану мерзімі аяқталғанға дейін төленеді



6.	Өндірістік оқытуды ұйымдастырғаны үшін қосымша ақы			
	Өндірістік оқытуды ұйымдастырғаны үшін		БЛА-дан 100 %	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлеріне

**Ескертпелер:**

1. Мектептер мен мектеп-интернаттардағы (даму және оқу мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнаулы түзету ұйымдарынан басқа) оқушы (тәрбиеленуші) саны 15-тен кем сыныптарда сынып жетекшілігі және дәптерлер мен жазба жұмыстарын тексергені үшін лауазымдық айлықақыларына (мөлшерлемелеріне) қосымша ақы төлеу көрсетілген қосымша ақылардың белгіленген мөлшерінен 50 пайыз мөлшерінде жүргізіледі. Бұл тәртіп сондай-ақ сыныптарды кіші топтарға бөлгенде де қолданылады.

2. Оқушылардың күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы каникулдары кезеңінде педагог қызметкерлерге еңбекақы төлеу каникул басталар алдындағы тарифтеу кезінде белгіленген жалақы есебімен жүргізіледі.

3. Осы қосымшада белгіленген қосымша ақылар балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептерінің мамандандырылған бөлімшелерінің бейіндік мақсаттағы пәндер бойынша педагог қызметкерлеріне, олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептерінің, мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорттық техникалық мектептерінің, спорт колледждерінің, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың, жоғары спорттық шеберлік мектептерінің басшы және бейіндік мақсаттағы пәндер бойынша педагог қызметкерлеріне, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, мәдениет мемлекеттік мекемелері мен қазыналық кәсіпорындарының педагог қызметкерлеріне, ішкі істер органдары, арнайы мемлекеттік органдар жүйесінің және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік мекемелері мен қазыналық кәсіпорындарының әскери және арнайы атақтары жоқ педагог қызметкерлеріне қолданылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген 5-қосымша
--

**Денсаулық сақтау саласындағы азаматтық қызметшілерге,  
мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың  
қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне  
еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар**

**Ескерту. 5-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.05.2016 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; 03.02.2017 № 34 қаулыларымен.**

Р/с №	Қосымша ақылардың атауы	Қосымша ақылар түрлері	Қосымша ақылардың мөлшері	Ескертпе
-------	-------------------------	------------------------	---------------------------	----------

1	2	3	4	5
1.		Лауазымдарды қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймағының кеңейгені) үшін қосымша ақы		
1)	Ұйымдардың басшы-дәрігерлеріне және олардың дәрігер орынбасарларына өздері штатына кіретін ұйымдарда мамандығы бойынша жұмысты жүргізуге рұқсат беріледі		Тиісті мамандық дәрігерінің ЛА 25 %-ына дейін	Негізгі лауазымы бойынша жұмыс уақытының шегінде
2)	Дәрігерлерге (фельдшерлерге) үлгілік штат нормативтерінде белгіленген тәртіппен бөлімшенің (кабинеттердің) меңгерушісі функцияларын орындағаны үшін		БЛА-дан 50 %	
2.		Ауыр (ерекше ауыр) қол еңбегі жұмыстарымен және еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге төленетін қосымша ақы		2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Еңбек жағдайлары зиянды өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі (тізбесі) негізінде қосымша ақы барлық медицина және фармацевтика қызметкерлеріне лауазымдар атаулары мен соларға теңестірілген лауазымдарға қарамастан төленеді. Басқа қызметкерлерге қосымша ақыны денсаулық сақтау ұйымының басшысы еңбек жағдайы зиянды (өте зиянды) және қауіпті (өте қауіпті) жұмыстарға қатысу

				дәрежесіне қарай, жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері негізінде белгілейді
1)	Инфекциялық-паразитарлық, тері-венерологиялық аурулармен ауыратын; гериатриялық ауытқушылықтары бар науқастарды (хоспис, мейіргерлер күтім көрсететін үй) (жасына қарамастан) емдегені, оңалту жүргізгені, сауықтырғаны және қызмет көрсеткені үшін		БЛА-дан 20 %	
2)	Тастарды толқынды соққымен дистанциялық үгіту, физиотерапиялық, бальнеология-балшықпен емдеу ем-шаралары, эндоскопия; барлық бейіндегі ірінді хирургия бөлімшелерінде, ми қан айналымы бұзылған науқастарға арналған неврологиялық бөлімшелерде емдегені және қарап бақылағаны үшін		БЛА-дан 20 %	
3)	Қан мен оның компоненттерін және сүйек кемігін мұздатылған күйде дайындау және сақтау бойынша, емдеу плазмоферез, гемосорбция және гемодиализ бөлімшелерінде (кабинеттерінде), сондай-ақ күрт өзгеріп тұратын атмосфералық қысым немесе оның элементтерін қолдану		БЛА-дан 22 %	

	жағдайларында, вольтер жағдайында, вокзалдардағы медициналық пункттерде жұмыс істегені үшін			
4)	Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтегі жұқпалы және паразиттік аурулардың қоздырғыштарымен, физикалық факторлармен, химиялық және радиоактивті заттармен жұмыс істегені үшін		БЛА-дан 20 %	
5)	Аса қауіпті және карантиндік індеттер қоздырғыштарымен және оларды жұқтыруы мүмкін және жұқтыру әлеуеті бар материалдармен, оның ішінде алапес, оба қоздырғыштарымен жұмыс істегені үшін		БЛА-дан 140 %	
6)	Орталық, перифериялық жүйке жүйесі зақымданған және ақыл-ойының дамуында кемістігі бар психикасы бұзылған (оның ішінде балалар үшін); алкогольмен өткір уланудың немесе психоздың салдарынан жарақаттанған ауруларды емдегені және оларға қызмет көрсеткені үшін		БЛА-дан 22 %	
7)	Психиатриялық, психоневрологиялық, жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық мекемелерде, наркологиялық		БЛА-дан 40 %	

	<p>ұйымдарда, (бөлімшелерде); емдеу- өндірістік (еңбек) шеберханаларында және ауылдық қосалқы шаруашылықта жұмыс істегені үшін</p>			
8)	<p>Маскүнемдікке, нашақорлыққа және уытқұмарлыққа шалдыққан науқастарды мәжбүрлеп емдеуге арналған мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерінде (МЕРМ) жұмыс істегені үшін</p>		БЛА-дан 35 %	
9)	<p>Анестезиология- реанимация құрамына кіретін реанимация және қарқынды терапия, оның ішінде экспресс-зертхана бөлімдерінде (топтарда) жұмыс істегені үшін</p>		БЛА-дан 20 %	
10)	<p>Жұқпалы аурулардың тірі қоздырғыштарымен (немесе ауру жануарлармен), ауру тудыратын вирустармен, бозғыл трепонеманы иммобилизациялау реакциясын қою бойынша үнемі жұмыс жүргізу үшін көзделген химиялық реактивтермен, аллерген реактивтермен жұмыс істеу кезінде барлық бейіндегі топтар мен кабинеттерде, зертханаларда жұмыс істегені үшін</p>		БЛА-дан 40 %	
11)	<p>Патологоанатомиялық бюрода (бөлімдерде, бөлімшелерде) жұмыс істегені үшін</p>		БЛА-дан 60 %	

<p>Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы және АИТВ жұқтырған ауруларды диагностикалау, емдеу, жұқтырылған иммун тапшылығы синдромымен ауыратындардан және АИТВ жұқтырғандардан келіп түсетін материалдарды зертханалық зерттеудің барлық түрін жүргізгені үшін, ғылыми-зерттеу бірлестіктерінде және олардың құрылымдық бөлімшелерінде бактериялық және вирустық препараттарды өндіру және жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы / АИТВ проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгені үшін</p>		<p>ЛА-дан 60 %</p>	<p>Қызметкерлердің тізбесін және белгілеу шарттарын денсаулық сақтау саласындағы орталық атқарушы орган айқындайды. Көрсетілген қосымша ақы нақты жұмыс істеген сағаттары үшін барабар төленеді</p>
<p>13) Туберкулез (туберкулезге қарсы) мекемелерінде, диспансерлерінде, санаторийлерінде, санаторий-профилакторийлерінде, емдеу-өндірістік шеберханаларында, палаталарында (дәрігерлерден, орта медициналық қызметкерлерден, санитарлардан басқа) жұмыс істегені үшін</p>		<p>БЛА-дан 60 %</p>	
<p>14) Дәрігерлерге, орта медициналық қызметкерлерге, санитарларға туберкулез (туберкулезге қарсы)</p>		<p>БЛА-дан 190 %</p>	

	<p>мекемелерінде, диспансерлерінде, орталық аудандық ауруханалардың бөлімшелерінде және басқа да денсаулық сақтау ұйымдарында, туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған емдеу-профилактикалық ұйымдардың санаторийлерінде, санаторий- профилакторийлерінде, бөлімшелерінде, палаталарында, изоляцияларында, туберкулезге қарсы күрес кабинеттерінде, балалардың туберкулезіне қарсы денсаулық сақтау ұйымдарында (бөлімшелерінде) жұмыс істегені үшін</p>			
15)	<p>Дәрігерлерге, орта медицина қызметкерлеріне, санитарларға туберкулез (туберкулезге қарсы) мекемелерінде, диспансерлерінде, орталық аудандық ауруханалардың бөлімшелерінде және басқа да денсаулық сақтау ұйымдарында туберкулездің мультирезистенттік түрімен ауыратын науқастармен жұмыс істегені үшін</p>		БЛА-дан 220 %	
16)	<p>Рентген сәулелі диагностикасын пайдалана отырып жұмыс істегені үшін</p>		БЛА-дан 100 %	
17)	<p>Ультрадыбыстық</p>		БЛА-дан 60 %	

	диагностиканы пайдалана отырып жұмыс істегені үшін			
18)	Паллиативтік көмек көрсету палаталарында (бөлімшелерінде), хоспистерде, мейіргерлер күтім көрсететін үйлерде науқастарды (жастарына қарамастан) емдегені және қызмет көрсеткені үшін		БЛА-дан 40 %	
3.		Ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы		Лауазымдар мен ұйымдардың нақты тізбесін денсаулық сақтау саласындағы орталық атқарушы орган белгілейді
1)	Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға арналған госпитальдарда және ауруханалар құрамындағы арнаулы бөлімшелерде медициналық көмек көрсеткені үшін: медицина қызметкерлеріне; фармацевтика және басқа да қызметкерлерге		БЛА-дан 25 % дейін БЛА-дан 20 % дейін	
2)	Орта медициналық персоналға күйікке шалдыққан науқастарды емдегені және қызмет көрсеткені үшін		БЛА-дан 20 %	
3)	Психикалық ауытқуы жоқ дене бітімінің дамуында кемістіктері бар, статодинамикалық, сенсорлық функциялары және шығару функциялары бұзылған науқас балаларға диагностика жүргізгені, емдегені және оңалту		БЛА-дан 20 %	



	жүргізгені үшін			
4)	Сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернат-үйлерде жұмыс істегені үшін		БЛА-дан 30 %	
5)	<b>Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.02.2017 № 34 қаулысымен.</b>			
6)	Стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерінде емдеу-профилактикалық іс-шараларын жүргізгені үшін: қарттармен жұмыс істегені үшін; мүгедектермен, оның ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балалармен жұмыс істегені үшін; психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балалармен және 18 жастан асқан мүгедектермен жұмыс істегені үшін; белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдармен (әлеуметтік бейімдеу орталықтарында) жұмыс істегені үшін; қатыгездікке ұшыраған адамдармен жұмыс істегені үшін; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінің есебінде тұрған		БЛА-дан 30 % БЛА-дан 40 % БЛА-дан 50 % БЛА-дан 60 % БЛА-дан 40 % БЛА-дан 60 %	

	адамдармен жұмыс істегені үшін			
7)	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою бойынша жедел медициналық көмек көрсеткені үшін		БЛА-дан 50 %	
8)	Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде (оның ішінде балалар үйлерінде), тергеу изоляторларында, уақытша ұстау изоляторларында, ауруханаларда сотталғандарды емдегені үшін медициналық қызметкерлерге		БЛА-дан 40 %	
9)	Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің (оның ішінде балалар үйлерінде), тергеу изоляторларының, уақытша ұстау изоляторларының, ауруханалардың, фармацевтика қызметкерлеріне		БЛА-дан 30 %	
10)	Шұғыл медициналық көмекті тікелей көрсету және құтқару жұмыстары үшін ұйымдастырылған арнайы мақсаттағы медициналық жасақтардың медицина қызметкерлеріне		Күту және ұдайы әзірлікте болу режиміндегі кезекшіліктің әр сағаты үшін сағаттық мөлшерлемеден 25%	
4.		Аумақтық учаске жағдайында медициналық көмек көрсеткені үшін қосымша ақы	БЛА-дан 50 %	Лауазымдар мен ұйымдардың нақты тізбесін денсаулық сақтау саласындағы орталық атқарушы орган белгілейді
5.		Психоэмоциялық және дене жүктемесі үшін		Қызметкерлердің лауазымдары мен мамандықтарының нақты

		қосымша ақы		тізбесі және олардың психо-эмоциялық және дене жүктемесін айқындайтын өлшемшарттары осы қаулыға 21 қосымшаға сәйкес белгіленеді
1)	Жұмысы психоэмоциялық және дене жүктемесімен жоғары дәрежеде ұштасатын кардиохирургиялық, трансплантологиялық, нейрохирургиялық және микрохирургиялық бейінді, оның ішінде балалар мамандары:			Жоғары мамандандырылған медициналық жәрдем көрсететін ұйымдар
	дәрігерлер: кардиохирург, трансплантолог, микрохирург, ангиохирург, нейрохирург;		БЛА-дан 200 %	
	орта медициналық персонал: операция мейіргері, реаниматология, анестезиология және қарқынды терапия бөлімшелерінің (топтарының) анестезиология мейіргері		БЛА-дан 150 %	
2)	Жұмысы психо-эмоционалдық және дене жүктемесімен жоғары дәрежеде ұштасатын хирургиялық және акушер-гинекологиялық, неонатологиялық, гематологиялық бейінді, оның ішінде балалар мамандары:			Стационарлық медициналық жәрдем, оның ішінде жоғары мамандандырылған медициналық жәрдем көрсететін ұйымдар
	дәрігерлер: неонатолог акушер-гинеколог жалпы хирург абдоминальді хирург торакальді хирург		БЛА-дан 150 %	

ангиохирург нейрохирург анестезиолог- реаниматолог эндокринологиялық хирург уролог проктолог онколог-хирург маммолог травматолог- ортопед (оның ішінде травматологиялық пункттердің) жақ-бет хирургі пластикалық хирург камбустиолог офтальмолог оториноларинголог эндоскопист трансфузиолог			
орта медициналық персонал: операция мейіргері перзентхана бөлімшесінің акушері реаниматология және анестезиология бөлімшелерінің (топтарының) анестезия мейіргері қарқынды терапия палатасының мейіргері нәрестелердің физиологиясы және патологиясы бөлімшелерінің, шала туған нәрестелерге күтім жасау бөлімшелерінің нәрестелерге күтім жасауды жүзеге асыратын мейіргер травмотологиялық бейінді мейіргер		БЛА-дан 100 %	Стационарлық көмек, оның ішінде жоғары мамандандырылған медициналық жәрдем көрсететін ұйымдар Травмотологиялық пункттер
хирургиялық бейінді мейіргер		БЛА-дан 50 %	
гематолог, химиялық терапевт		БЛА-дан 80 %	
химиялық терапияны жүзеге асыратын мейіргер		БЛА-дан 40 %	
3) Хирургиялық бейінді,			Консультациялық-

	оның ішінде балалар мамандары:			диагностикалық көмек көрсететін ұйымдар
	дәрігерлер: хирург уролог онколог-хирург маммолог травматолог-ортопед офтальмолог оториноларинголог стоматолог-хирург акушер-гинеколог		БЛА-дан 80 %	
	орта медициналық персонал: хирургиялық бейінді мейіргер		БЛА-дан 50 %	
4)	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарының мамандары (қала мен ауыл)			
	Дәрігерлер: жалпы практика терапевті (учаскелік) педиатры (учаскелік)		БЛА-дан 200 %	Ауылда орналасқан дәрігерлік амбулатория, Медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы, емхана
	орта медициналық персонал: учаскелік мейіргер жалпы практика мейіргері фельдшер акушер мейіргер		БЛА-дан 150 %	Ауылда орналасқан медициналық пункт, дәрігерлік амбулатория, Медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы, емхана
	дәрігерлер: жалпы практика терапевті (учаскелік) педиатры (учаскелік)		БЛА-дан 150 %	Қалада орналасқан дәрігерлік амбулатория, Медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы, емхана
	орта медициналық персонал: учаскелік мейіргер, жалпы практика мейіргері, фельдшер, акушер, мейіргер		БЛА-дан 100 %	Қалада орналасқан дәрігерлік амбулатория, Медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы, емхана
5)	Патологоанатомиялық бюролардың (бөлімшелердің) қызметкерлері: патологоанатом, оның ішінде балалар		БЛА-дан 150 %	Мәйіттерді тікелей сараптаумен және мәйіт материалдарымен айналысатын мамандарға. Мәйіттерді тікелей ашумен айналысатын мамандарға

	патологоанатомы			
б)	Жедел медициналық жәрдем станцияларының (төтенше) (бөлімшелерінің) қызметкерлері:			
	жедел және шұғыл (төтенше) медициналық жәрдем дәрігері (оның ішінде аға дәрігер)		БЛА-дан 150 %	
	жедел (төтенше) медициналық жәрдем станциясының фельдшері		БЛА-дан 120 %	
	мейіргер медициналық тіркеуші, санитар, жүргізуші		БЛА-дан 100 %	

#### Ескертпелер:

